



## 86-ТАРЫҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он жеті аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Аспанға, Тарыққа серт. (1) (Мұхаммед Ғ.С.) Тарық не екенін қайдан білдің? (2) Ол, жарқыраған жұлдыз. (3) Әркімнің үстінде бір бақылаушы бар. (11-С. 56-А.) (4) Ал енді адамзат неменеден жаратылғандығына бір қарасын; (5) Бір атылып шыққан судан жаратылған; (6) Ол, бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығады.

(7) Сөз жоқ. Алла, адамзатты қайта тірілту күшіне ие. (8) Сол күні сырлар ашылады. (9) (Ол күні) адам баласына күш те көмекші де болмайды. (10) Қайталап жаңбырлататын аспанға серт. (11) Жарылып өсімдік шығаратын жерге серт. (12) Негізінен Құран бір билік сөз. (13) Ол, бір сықақ емес. (14) Шын мәнінде олар бір сығандық істеуде. (15) Сығандығына шара көремін. (16) (Мұхаммед Ғ.С.) қарсы келушілерге мұрсат беріп, аз еркіне қой. (17)

## 87-АҒЛА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С.) ұлы Раббыңның атын дәріпте. (1) Ол сондай Алла; жаратып, толықтаған, (2) Ол сондай Алла, шамалап оңғарған. (3) Ол сондай Алла, жайылысты жаратқан. (4) Сосын оны қап-қара қоқымға айналдырған. (5) (Мұхаммед Ғ.С.) саған Құран оқытамыз; сонда оны ұмытпайсың. (6) Бірақ, Алланың қалағаны басқа. Негізінде Ол, көрнеу, көместі біледі. (2-С. 6-А.) (7) Саған оңай болғанды қолайластырамыз. (8) Пайда беретін болса, насихат ет. (9) Әлде кім Алладан қорықса, үгіт алады. (10) Сорлы болғандар, одан бой тежейді. (11) Ол, сондай зор тозаққа салынады. (12) Сосын ол арада өлмейді де тірілмейді. (13) Әлде кім тазарса, ол құтылды. (14) Ол, Раббының атын еске алып, намаз оқыды. (Бұл, айт намазы. Б.Ж.М.) (15)